

Еуразия даму банкінің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 сәуірдегі N 272 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №
27 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.02.2015 № 27 қаулысымен.

2006 жылғы 12 қаңтардағы Еуразия даму банкін құру туралы келісіммен
бекітілген Еуразия даму банкі Жарғысының 13 және 14-баптарын орындау үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан
Республикасының Қаржы министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов Еуразия даму
банкінің Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілетті өкілі;

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

2) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Үкіметінің 2010.07.15 № 717
Қаулысымен (жариялануға жатпайды).

2) Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Әсет
Өрентайұлы Исекешев Еуразия даму банкінің Кеңесіндегі Қазақстан
Республикасының өкілетті өкілінің орынбасары болып тағайындалсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.29 N 432 ;
2008.02.01; N 85 ; 2009.06.29 N 1001; 23.12.2013 N 1384 қаулыларымен.**

2. Ресей Федерациясының Еуразия даму банкі басқармасының төрағасы
лауазымына белгіленген тәртіппен сайлау үшін Игорь Валентинович
Финогеновті тағайындау туралы ұсынысына келісім берілсін.

3. Осы қаулы Еуразия даму банкін құру туралы келісім күшіне енген күнінен
бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі